

$ju sp - S jT^{\wedge}$

ТАҒЫҒА  
ЖАРҒАН

ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР

*Төрт томдық*

# ТАИЫР ЖАРКОВ

ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР

*Төртінші том*

Өлеңдері мен  
поэмасы, аудармалары.  
Пьесасы мен мақалалары.

(1960—1965)

Каз 2  
Ж 32

Редакция алқасы:

*Ә. Сәрсенбаев, Қ. Бекхожин, С. Сейітов, Е. Әукебаев,  
Қ. Мырзалиев.*

*Құрастырған Мекерия Атымөв.*

Ж  $\frac{0743 \ 278}{402 (07) 75}$  1—71

# ***ӨЛЕНДЕР***

## КАВКАЗ ЖЫРЛАРЫ

*Ұшып келем*

Мезгілі еді нақ түстің  
Күн күледі үстімде,  
Ұшып келем «Аққұстың»  
Қанатының үстінде!

Көкте түбіт түткендей  
Аппақ бұлттар ауылы  
Аунақшиды, өткендей  
Үстінен көк дауылы.

Ақ бұлттардың ауылын  
Көктей өтіп мен келем,  
Басқандай көк дауылын  
Көкейіме келді өлең.

Жатты Эльбрус биігі  
Аяғымның астында,  
Менен төмен иығы,  
Ұштым одан астым да.

Қалды алдында көзімнің  
Таудың талай бөктері,  
Сонда өзімді сезіндім  
Космонавтай көктегі.

*Эльбрус*

Қалт етпестен қалшиып,  
От шашса да найзағай,  
Эльбрус тұр шаншылып,—  
Тау көтерген найзадай!

Бұлтты тескен ашынса  
Шыңы Эльбрус аулақта,  
Шаншылар-ақ шаншылса,—  
Атқан сондай садақ та!

## *Гагра*

Аясын кең Абхаздың  
Ашып теңіз жарына,  
Бұлт түндігін шат-құздың  
Түрген таулы Гагра.

Қара теңіз заңғардың  
Толқыны жар соғып бір,  
Тас емшегін таулардың  
Солқылдата сорып тұр!

Алды теңіз, арты тау,  
Кәрі қорған Гагра,  
Әр тасында жатыр-ау!—  
Заманғы аңыз жаңғыра...

Әлдиленіп ақ бұлтқа  
Тербеледі тау басы,  
Ұсап жанған жақұтқа  
Жайнап-ақ тұр миуасы.

Гүлі күлте, бойы тік  
Кипарисы, пальмасы,  
Көзді көрген ұйытып  
Өскен сұлу тұлғасы.

Алды теңіз, арты тау,  
Неткен сұлу Гагра!  
Көркіне енді япыр-ау,—  
Не жетпейді тағы да?!

Қара теңіз заңғардың  
Толқыны жар соғып бір,  
Тас емшегін таулардың  
Солқылдата сорып тұр!

## *Қарт қорған*

Гаграның біп-биік  
Көрдің бе ескі қорғанын,  
Жарына сан оқ тиіп  
Шежіре боп тұрғанын?..

Кезіндегі — Бестужев<sup>1</sup>  
Таудағы ескі қарт қорған,  
Талай майдан кешкен жұрт  
Ізі осында деп тұрған...

Бір кез грек, я түрік  
Оқ атып үй жарына,  
Бір жығылып, бір тұрып,  
Не көрмеген Гагра?!

Құмырамен су алып  
Жүрген сонда сан сұлу  
Өткен шығар сұрланып;  
Көріп талай жаншылу...

Ертегідей ескіріп,  
Ол аңыз боп дабыра...  
Ертеңгілік, кешкілік  
Тұр бүгін шат Гагра.

Бұрыны мен, бүгінін,  
Туар күнін ертеңгі,—  
Құлағыңа құйып үн  
Теңіз жыры шертеді...

#### *Қара теңіз*

Қара теңіз көсіліп  
Жатса, көлбеп алдыңда,  
Төбеңнен тік тесіліп  
Қарайды екен тау мұнда.

Таудың биік оқ шыңы  
Бұлт қанатын игендей,  
Екі иыққа топшылы  
Қара бурка кигендей!—

Қарайды кеп түксиіп,  
Қабак түйе биіктен,  
Суға, тауға тіксініп  
Отырмын көз тігіп мен.

---

<sup>1</sup> Бестужев-Марлинский



Бесігіне көк теңіз  
Толқындарын бөлеген,  
Теңізді жыр етсеңіз,  
Мұның өзі көп өлең.

Бірде түптеп дем алып,  
Соғып теңіз бүйірін,  
Бірде тоқсан толғанып  
Қуып толқын үйірін,—

Қаптайды көк жойқыны  
Маған қарай аққандай,  
Бүкіл теңіз толқыны  
Көшіп келе жатқандай!..

Туғам мен де толқыннан,  
Көшсең, көшіп кел, толқын!  
Жүрегіме бұлқынған  
Өлең болып ен, толқын!

*Теңіз толқындары*

Толқындары теңіздің  
Толқыны емес өзеннің,  
Кетеді үзін ол тізгін  
Алдында нақ көзіңнің.

Тентек теңіз толқыны  
Аспанға атса ақ жалын,  
Мың бүктеліп толқыды,  
Құшаққа ала жан-жағын!

Атылса ол тауға алыс,  
Алатындай апшыңды,  
Шегініп кеп, жолбарыс  
Секілді үске шапшиды!

Тау толқындар аптығып,  
Жарды жебе сауады,  
Көбігін аппақ лақтырып,  
Төсіңе төге салады.

Атылса үске ұғасың,  
Ақ көбік толқын соғылып,

Сонда бір, шіркін, шығасың  
Ақ күміске шомылып!..

Толқындар бейне өмірдей  
Ағады алға, жоқ тұрыс,  
Арман не өмір лебіндей  
Өлеңім шашса ақ күміс?!

*Теңіздегі шағала*

Айқара ашық теңізге  
Үйде балкон есігі,  
Соққан сонда ілезде  
Ерке желдің есуі...

Сұраусыз-ақ енеді  
Самал сері бөлмеме,  
Сипап нәзік себеді  
Жұпар исін кеудеме.

Жұлдыз ояу бұл түнгі  
Жоқ аспанның бұлты да,  
Тәтті рахат ертеңгі  
Жатыр едім ұйқыда...

Шырқап жырдай үн қатты  
Әлденеме бір шеттен,  
Шырт ұйқыдан оятты  
Жатқан мені төсектен.

Көз тастасам қарсы ала  
Толқын ұрған жағаға,  
Келген екен жар сала,  
Шаңқылдап топ шағала...

Көк теңіздің үстінде  
Толған аппақ шағала,  
Ақ шағала үстіне  
Күн шашқан от шұғыла!..

Теңіз беті көркейген  
Шағала аппақ, толқын көк,  
Суға түскен ертеңмен  
Шұғыла тұр алтын боп.

Бұл сұлулық мың сыры  
Қалды көзде көлеңдеп,  
Суреттейтін осыны,—  
Шіркін, сұлу өлең жоқ!

*Кавказ қақпасы*

Бейне аспанда бір сағым  
Асқар тауы Абхаздың,  
Ашты маған құшағын  
Тас қақпасы Кавказдың.

Есігі үңгір тас екен  
Бұрылмастай ат басы,  
Дейтуғын нақ осы екен  
Кәрі Кавказ қақпасы.

Бұл қақпадан өткен-ді  
Бұғып талай қос ғашық,  
Көрдім тасты өткелді,  
Жауға жабық, досқа ашық.

Осы үңгірден басталды.  
Кер тағы тас Кавказың,  
Жамбастап жар тастарды  
Шыңы бұлттан тапты өзін.

Екі жағы тар жолдың  
Қаланған шың жар тастан,  
Ұшар басы таулардың  
Көктен барып айқасқан.

Сүйеді шың басын күн  
Төсін ақ бұлт айқалап,  
Жүгін талай ғасырдың  
Тау тұр бейне арқалап...

Бәлкім, өлең жазған-ды  
Жүріп мұнда Лермонтов,  
Мені де тау қозғады,—  
Жүректен жыр тербелтіп.

Осы шыңда өстің-ау,  
Шіркін, сері грузин!

Астың — теңіз, үстің — тау,  
Өмірің бір жыр өзен!..

*Қыздың тамшы көз жасы*

Қыз көзіне жас алар,  
Қатты,  
я тәтті минутта..  
Дірілдесін қос анар,  
Жүрегін жаз үн қат та...

\* \* \*

Рицаның жолында,  
— «Анау, Шерба тауы!» — деп  
Шал бір шынның жонында  
Сөйлеп кетті,  
қағып иек:

«Шербачидзе ордасы  
Тұрған сонау үш таған,  
Әйелдікке тауда осы  
Он екі қыз ұстаған.

Кенже әйелін оңаша  
Шың қорғанда бағыпты,  
Көрікті екен тамаша,  
Жылап көзі ағыпты...

Кенет бір түн тас болып,  
Сұлу семіп қалыпты,  
Қара тасқа жас толып,  
Тастан тамшы тамыпты...»

Жалт қарасам: көк тастан  
Көз жасындай тамшы ағып,  
Тұрды сырын ашпастан,  
Тілсіз жартас томсарып!..

Ол бір бағы заманның  
Өткен мұңды ізі де,  
Әжімі ескі мұң-зардың  
Қалыпты тас жүзінде...

*Рица*

Ғажайып бір көл екен  
Кавказдағы Рица!  
Кім көріксіз дер екен,  
Сұлулығын бір ұқса?!

Көктен құлап құйылған  
Көз жасындай Қазбектің,—  
Тауға сыры ұғылған  
Көлді көрмес іздеп кім?

Шалмасын деп көзін күн,  
Киіп толқын жасылдан,  
Көз әйнегін теңіздің  
Секілді тау жасырған.

Суға кетіп, я асыл  
Бір мұнды ару кезі кеп,  
Көл дөңгелек жап-жасыл  
Қалған ба қыз көзі боп?..

Рица өзі қыз аты,  
Мұнда алуан сыр жатыр,  
Көл боп жеткен бізге аты,  
Толқынында жыр жатыр...

Бірақ ұқсас ғажап тым,—  
Көз алдымда тұрғандай,  
Есік көлін қазақтың  
Осында әкеп қойғандай!

Кавказ шыңын өрлесең,  
Көл көркейткен шат-құзды,  
Рицаны көрмесең,—  
Көрдім деме Кавказды!

*Карги гого<sup>1</sup>*

Карги гого, карги гого,  
Қарама сен қадалып,  
Қара көзің мірдің оғы,  
Жүрме жанды жара қып!

---

<sup>1</sup> Карги гого — грузинше жақсы қыз деген сөз.

Көріктенген кезің сенің,  
Кім қызықпас өзіңе,  
Мөлдір қара көзің сенің,—  
Құралайдың көзі ме?..

Карги гого, көріктенген  
Өзге қыздан басқасын,  
Қара шашқа көрік берген  
Бес тал күміс ақ шашың.

Көзіңнен жан от алатын  
Көркейтіп тұр шаш сені,  
Анико деп аталатын  
Атың қандай жақсы еді?!

О, Анико!— карги гого,  
Ұзын қара кірпігің,  
Карги гого, көрдім неге,  
Кірпігің от бүркуін?..

Көз қиығын қадағаның  
Қазір маған керек пе,  
Неге көзді кеш қададың,  
Оғынды атып жүрекке?

Сен грузин сұлуысың,  
Мен қазақтың ұлымын,  
Жаралсаң да сүю үшін,  
Қадама көз қиығын?!

#### *Теңіз жағасында*

Отырсаң көк теңіздің жағасында,  
Қаласың қызыққа бір қанасың да;  
Қыз қуып суда жүзген жігіттерді,  
Мәз-майрам мөлдір толқын аясында.

Қыздардың күнге күйген ақ білегі,  
Құлаштап көк толқынды қақ бөледі,  
Қыз сүңгіп кетсе суға, жігіт-дағы  
Шыққанын сүңгіп бірге бақ біледі.

Тасқынды бүгін теңіз кәрінде екен,  
Жүзгенді аршындатпас арынды екен!

Шалқалап жүзген сонау Элико ма,  
Жете алмай қалған біздің Қәрім бе екен?

Ойлап қыз жүзіп ұзақ алқынбасын,  
Жайды да көк толқынға алтын шашын,  
Ілезде сылаң етіп сұлу бір кез  
Ойнақтап шықты суға шарпылғасын.

Аспанның көшкен түйдек ақ бұлтындай  
Көк толқын ақ көбігін атты тынбай,  
Жағада қоян бүйрек жатты тастар,—  
Әжемнің шиге жайған ақ құртындай.

Қыздар көп қыпша белді, күмбез төсті,  
Назданып паң денесін күнге тосты,  
Елестеп шіркін жастық кетті ме әлде,  
Көрмегір, көзім соған неге түсті?!

#### *Алтын көз*

Тепсініп толқындарды толқын қағып,  
Теңселіп теңіз беті тұр толғанып,  
Мартеннің қазанында балқып ағып  
Қайнаған көк құрыштай бұрқыл қағып!

Толқындар жарға шашып ақ моншағын,  
Күткен кез кештің күрең от құшағын,—  
Ал қызыл Алматының апортындай,—  
Мен көрдім, өртеніп күн батқан шағын:

Аспанның күні ақ жалын оттай шалқып,  
Қып-қызыл кешкі арайға нарттай балқып,  
Дөңгелек, көктің бейне,— алтын көзі  
Ағып кеп көк теңізге кетті батып.

#### *Қыз балдағы*

Көк теңізде шомылған  
Түнде жұлдыз, күндіз қыз,  
Сымбатына сұлу жан  
Қарай суда жүрміз біз.

Кезімде бір үнілген  
Көз отымен су сүзіп,

Жатқан теңіз түбінен  
Таптым алтын бір жүзік.

Суға батып жоғалған  
Қай сұлудың балдағы  
Болды екен?— деп, таңқалған  
Тұрдым ойда мен-дағы.

Бұл жүзікті киді екен  
Қай сұлудың саусағы?  
Қай жігіт сыйға берді екен,—  
Ауып қызға аңсары?..

Су түбіне жоғалған  
Қыз балдағын іздер ме?  
Жоғалғанын таба алған  
Не сыйлар ед біздерге?!

Жүрсе қыздар аулақта:  
— Бейқам болма, қалаулым!—  
Балдағыңды жоғалтпа,  
Дер едім мен,— аяулым!..

*Жер екен*

Абхазия гүл бағы  
Бұлбұл сайрар жер екен,  
Көк бұлты да таудағы  
Көк теңіздің лебі екен.

Жырдай көңіл есіліп  
Жайраңдайтын жер екен,  
Қыз бен жігіт қосылып  
Сайрандайтын жер екен.

Қара теңіз жиегі  
Жақын тұрар жер екен,  
Жырмен туған жүрегі  
Ақын тұрар жер екен!

*Қош бол, теңіз*

Қош бол, енді көргенше,  
Көгала толқын көк теңіз!



Қайта оралып келгенше,—  
Бізді ұмытып кетпеңіз!

Саған құшақ мен аштым,  
Сен де сүйдің құшақтап,  
Толқыныңа жыр шаштым,  
Кейде өзіңе ұсап қап!

О, көк теңіз,  
  көк теңіз!  
Қараса көз қимастай,  
Толқындарың көп теңіз,—  
Бір Кавказға сыймастай.

Еліме алып кетер ем,  
Құшағыма сыймайсың,  
Алматыма төтеден  
Неге толқын құймайсың?!

Қарлы Алатау басына  
Бұлт ұшады таласып,  
Сен келсең бір қасына  
Жатар едің жарасып!

Шыңы күміс тауыма  
Қелсең көшіп,  
  көк теңіз,  
Көркінді еркін тағы да  
Көтерер ек көкке біз.

Бәлкім, бір кез келерсің,  
Келмес саған тау көшіп!  
Мүмкін,  
  тізгін берерсің  
Елге ержеткен таңда өсіп.

Қош бол, енді көргенше,  
Көгала толқын, көк теңіз!  
Қайта оралып келгенше,  
Бізді ұмытып кетпеңіз!

1961

## ЖЫР КӨМЕЙ

Жыр көмей, жез тандайлы, қоңыраулы  
Сырнайдай сыңғырлата қоңыр әнді  
Тойда ақын, ұлан асыр, шырқамас па,  
Айқара ашып тастап омырауды!

Айбарлы аймағымды ай аймалаған,  
Тіл — тіл ме, бүгінгі күн сайрамаған?!  
Шыңына жарты ғасыр шығып қазақ,  
Тұрғанда, — өлең бе — өлең самғамаған?!

Кешегі көгі тамшы тамдырмаған,  
Кеудесі кеуіп далам тандырлаған,  
Көз салсаң жайнап бүгін жазирадай,  
Күні жоқ ел мейірін қандырмаған.

Жас қала қырда туған темір отты  
Теміртау домнасынан кереметті,  
Балқытып көк болаттан өзен құйса,  
Тың далам төкті дәнді меруертті.

Мыңғырған малға сыймай тау арасы,  
Қаптатып қойды шопан кәриясы,  
Сарайын сауыншының күмбірлеткен, —  
Сорғалап сүттің аппақ дариясы!

Адамы жұлдызға көз кезегендей,  
Айдарлы гүлге қырды безегендей,  
Жарқырап суынан от, тауынан құт,  
Өлкемнің болып кетті өзі өлеңдей.

Мақтанам, менің туған аймағымнан,  
Жер шарын айналып кеп таңқалдырған  
Қосмосқа Гагарин де ұшқан біздің  
Қазақтың кең қырынан Байқоңырдан!

Құлпырды кенді далам, гүлді далам,  
Жас өсіп, кәрі қунап, күлді анам,  
Арнаймын, Отаныма, ағыл-тегіл  
Лениннің өзі берген жырды маған.

1961

## АҚЫН КӨЗІ ҚАДАЛСА

Алатаудан жел соқты таң сәрі еді,  
Сол самалды жаным бір аңсап еді,  
Қартаймасқа жаралған жаны сұлу  
Жүрек тәтті жел лебін тамсар еді,  
Қызыққаннан тау көркін қанша жұтса,  
Сұлулығын қай ғашық тауысар еді!..

Көкпен жалғыз сырласқан тау сері еді,  
Оған сұр бұлт тамшысын сәл себеді,  
Тау қойнында сыңсыған қыз қарағай  
Секілді бір сексен қыз сәукелелі,  
Ақын көзі қадалса тау шыңына,  
Оның-дағы болған-ды сан себебі...

## ҚАҚСА БҮЛБҮЛ ТАҢДАЙЫН

Дала шешіп ақ тонын  
Тау бүйірі бу атып,  
Бұлақ толқын атқанын  
Керсең шыңнан құлатып,—

Тас емшегін бұлт еміп  
Керілер кербез Алатау,  
Тұрғандай-ақ тіркеліп  
Төбесі күміс ақ отау.

Алма бағы Алматы  
Арайлана тұрса бір,  
Ақ көбелек қанаты  
Секілді әсем жарса гүл,—

Жаздың әнші қонағы  
Қақса бұлбұл таңдайын,  
Көкейіме қонады,  
Менің де, тәтті талай үн...

## АЛМАТЫ ТҮНІ

Керсе көзің тоя ма  
Алматыда түн қызық,  
Тұрғандай сәл ауада  
Бір ғажайып үн жүзіп...

Сымдай тартқан арықта  
Сыңғыр-сыңғыр су күліп,  
Сыйласқан бір қалыпта  
Сұлулары сырды ұғып...

Жан рақат тапқандай  
Түнгі ауада тамылжып,  
Көшіп бара жатқандай  
Көз ұшында тау жылжып...

Жапырағына жұптаған,  
Жұпар ауа жұттырып,  
Ақ қайындар ұйықтаған  
Аяғынан тік тұрып...

1961

### **БИІКТІҢ ТҮБІ ТӨМЕНДЕ**

Мен, биіктен төменге  
Көз тіксем жай шарқ ұрмай,  
Биіктің түбі төменде  
Дегім келед алтындай.

Биік те, көркем көремін  
Алатаудың шыңдарын,  
Одан да көркем дер едім  
Қаланың түнгі шамдарын.

Қарасаң түнде өздерің  
Басынан биік шың-құздың,—  
Көресің алтын көздерің  
Төменде жанған жұлдыздың...

Алатаудан далама  
Көз жіберсем жақсы-ақ тым,  
Алматыдай қалама  
Алтын шашып тастаппын!

Мен биіктен төменге  
Көз тіксем жай шарқ ұрмай,  
Биіктің түбі төменде  
Дегім келед алтындай.

## ЖАТЫР ЕДІМ ТЫНЫСТАП

Тау төрінде тыныштап  
Бойға ауасын сіңіріп,  
Жатыр едім тыныстап,  
Түн самалын сіміріп,

Жатыр едім албырап,  
Тәтті ұйқыға тербеліп,  
Құлағыма, ал — бірақ  
Сылдыр-сылдыр үн келіп,  
Көз ұйқыдан оянып,  
Сергек сезім елендей,

Қосылып бір толғанып  
Қыздар салған өлендей —

Жалт қарасам жақын кеп  
Толқын көшіп бір дүрмек,  
Кеудедегі акынның  
Өлеңіндей күмбірлеп

Өрден аңсап төменді  
Таудың мөлдір бұлағы  
Жыр шеріте жөнелді  
Гүл бағына қырдағы...

Кең далама гүмбірлей  
Менің-дағы өлеңім,  
Сол бұлақша дүрілдей  
Жатса екен тез дер едім.

## СУРЕТШІ КҮЗ

Бұлтты күз, буалдыр күз манаураған,  
Аулақта әлдекімдер аң аулаған,  
Бұтақтан желге үзілген жапырақтар  
Астында аяғымның сан аунаған...

Түн суып, жұлдыз сүңгіп таң қойнына,  
Кіреуке қырау қонып тал бойына,  
Сәскеде әлсін-әлсін әлдиленіп,  
Ақ тұман оралады тау мойнына.

Аударсам жанарымды таудан ойға:  
Безентін бау-бақшаны мың бояуға,  
Ғажайып суретші күз салған өрнек  
Ұқсайды жерге көрме орнағанға.

Қыз лебі алмалы бақ алаңынан  
Қып-қызыл алманы үзіп сабағынан  
Жинаса — күздің қызыл маржандарын,  
Алатау бұлт ойнатқан қабағынан!

Сұрғылт күз, сылбыр жаңбыр  
жауатындай,  
Сарғайып терек басы сары алтындай,—  
Сары ала жапырақтары тұр салбырап,—  
Таранған тоты құстың қанатындай...

Қыр бейне бұлтты күзде түксіз кілем,  
Мөп-мөлдір көлдері де мүлтсіз дер ем,  
Көрікті күз бояуын дәл түсірер,—  
Келеді жазғым ылғи бұлтсыз өлең!

### ӨМІРДІҢ ТАЛАЙ ҚЫРЫ БАР

Өмірдің талай қыры бар,  
Өмірдің талай сыры бар,  
Қуаныш пен қайғының  
Өзіне тән жыры бар.

Жаздың қызыл гүлі бар,  
Гүлдің де солар күні бар,  
Гүл солғанын күз ұғар,  
Әр мезгілдің сыры бар...

Күздің де келер қысы бар,  
Қыстың да аяз күші бар,  
Көктем туса қыс қашып,  
Бас иіп, қол қусырар.

Өмір барда — өну бар,  
Туу барда — өлім бар,  
Адам өлмес болса екен,  
Ажалда мәңгі кегім бар!

Кезімен ажал жеткені  
Өкініш емес, тек мені  
Өкінтеді адамның  
Мезгілсіз өліп кеткені...

1961

### АҚЫН АЖАЛЫ

(Ақын Жұмағалиді еске түсіру)

Қағып ажал жолыңнан  
Ашты-дағы араны!  
Қайран ақын!— қолыңнан  
Түсті ұшып қаламың!..

Енді қайтып, қаламды  
Ұстамайды саусағың,  
Алда талай аяулы  
Дидарыңды аңсарым.

Рахымсыз қатты ажал,  
Нең бар еді ақында?  
Лебің суық қатты ажал,  
Күндегенің ақын ба?

Кетпей ажал тау-тасқа,  
Нең бар еді ақында?  
Ажал түгіл, науқасқа  
Қиман ақын атын да!

Қадап көзді өмірге  
Салып кеттің, ақыным,  
Арманыңды қабірге  
Алып кеттің ақырын...

Баса тұрмай жер бетін  
Нағып кеттің, ақыным?  
Мұң мен жүрек бір шетін  
Шалып кеттің, жарқыным!..

1961

## ЕРТЕҢІМ

Атқан таңның жүзді елім  
Арайына арналы  
Алды бақыт ізгі елім,  
Алақанда арманы.

Алатаудың шыңынан  
Айға қолын сермеген,  
Аймағымнан сыр ұғам,  
Алға өмірі өрлеген!

Сәулеттене ұрпағым  
Самғай өсті сатылап,  
Серпіп қанат тұр тағы,  
Сатылардан сатыны ап.

Бұған кепіл — жол сызған  
Болашаққа батыл кеп,—  
Жарығырақ жұлдыздан —  
Партиялық документ.

Партиямыз жаңа бір  
Сызды жолды тағы алға,  
Көрем содан жаңа өмір  
Біздің күллі адамға.

Сол адамның бірі өзім,  
Ертеңгі атар таңыма  
Жедел жетер тұр кезім,  
Міндетім қанша тағы да!

Сонда менің сыбағам  
Тегін тағам, жатар үй,  
Бүгінгідей сұраман  
Ешкімнен де пәтер үй!

Ол үшін керек күшті еңбек,  
Ол үшін керек аянбау,  
Ол өзі көктен түсер деп,  
Болмайды бізге аялдау.

Ол үшін қажет ұжымдық,  
Ол үшін қажет ақыл-ой,